

Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 мамырда № 11102 тіркелді.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидалары бекітілсін.

2. Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы " __ "

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 5 мамыр

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 18 наурыздағы
№ 164 бұйрығымен бекітілген

Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың

өзара іс-қимыл жасау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағида уәкілетті органдардың құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасуы жөнінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағида мемлекеттік жер кадастрының жүргізілуін ұйымдастыруды жүзеге асыратын орталық уәкілетті органға, сәулет, қала құрылысы және құрылысы істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметімен сабақтас болып табылатын мәселелер бойынша олардың арнайы өкілеттіктерінің шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына, жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарға, тіркеуші органдарға (бұдан әрі - уәкілетті органдар) қолданылады.

4. Уәкілетті органдардың негізгі міндеті құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу үшін қажетті ақпарат алмасу болып табылады.

5. Осы Қағида мынадай терминдер және анықтаулар пайдаланылады:

1) құқықтық кадастр – жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтардың (құқықтық ауыртпалықтардың) бірыңғай мемлекеттік тізілімі;

2) мемлекеттік жер кадастры - Қазақстан Республикасы жерінің табиғи және шаруашылық жағдайы, жер учаскелерінің орналасқан жері, нысаналы пайдаланылуы, мөлшері мен шекарасы, олардың сапалық сипаттамасы туралы, жер пайдаланудың есепке алынуы мен жер учаскелерінің кадастрлық құны туралы мәліметтердің, өзге де қажетті мәліметтердің жүйесі болып табылады. Мемлекеттік жер кадастрына жер учаскелеріне құқықты субъектілер туралы ақпарат та енгізіледі;

3) мемлекеттік қала құрылысы кадастры - қала құрылысы регламенттерін, қала құрылысы, сәулет және құрылыс қызметі аумағын оның пайдаланудың әлеуметтік-құқықтық режимінің белгілері, инженерлік-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі бойынша, онда орналасқан объектілердің параметрлері мен жай-күйі, сондай-ақ табиғи-климаттық жағдай мен экологиялық жай-күйі бойынша сипаттайтын картографиялық, статистикалық және мәтіндік ақпаратты қамтитын сандық және сапалық көрсеткіштерінің мемлекеттік жүйесі;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) өзге де кадастрлары ретінде - мемлекеттік жер кадастры, мемлекеттік қала құрылысы кадастры және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесі деп ұғынылады;

5) тіркеуші орган – жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

6) уәкілетті орган – жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 27.04.2021 № 336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Уәкілетті органдардың құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасуы жөнінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құқықтық кадастрды тіркеуші органдар жүргізеді және жылжымайтын мүлікке және өзге де тіркеу объектілеріне қолданыстағы және тоқтатылған құқықтар, жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары туралы ақпаратты, құқық иелері туралы мәліметтерді, құқықтық кадастрдан мәліметтерді сұратудың болуы туралы ақпаратты қамтиды. Құқықтық кадастр ақпараттық жүйеден тұрады.

7. Құқықтық кадастрдағы барлық жазбалар жылжымайтын мүліктің әрбір объектісіне және оларға теңестірілген объектілерге жүргізіледі. Жылжымайтын мүлік объектілері кадастрлық нөмірмен сәйкестендіріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу туралы барлық жазбаларды тіркеуші орган құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Құқықтық кадастрдың бірыңғай ақпараттық жүйесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қалыптастырады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасуы жөніндегі ақпараттық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылының интеграциясы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 27.04.2021 № 336 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізуге қажетті ақпарат алмасу заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіне рұқсат беру жолымен электрондық коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру сәтінен бастап мемлекеттік органдардың арасында қағаз түріндегі сұрау салулар тоқтатылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Мемлекеттік органдарда республикалық деңгейде бірыңғай ақпараттық жүйе болмаған жағдайда, құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсаты үшін қажетті ақпарат алмасу осындай жүйе енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 20.03.2026 № 278 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Уәкілетті органдар бірыңғай ақпараттық жүйеге көшкенге дейін қажетті мәліметтерді қағаз және (немесе) электронды жеткізгіштерде ұсыну жолымен ақпарат алмасуға болады.

15. Берілетін ақпараттың құрамын, деректерді берудің режимі мен тәсілдерін, деректерді беру уақытының режимін, форматтарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі уәкілетті органдармен келісім бойынша белгілейді.

16. Қажет болғанда берілетін мәліметтер электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландырылады.

15. Осы Қағиданың 3-тармағында санамаланған уәкілетті органдар өтеусіз негізде ақпаратпен алмасады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК